

Жабдықтау басқармаларын (бөлімдерін) жекешелендіру реті жөніндегі Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 18 сәуірдегі N 310, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 16 сәуірдегі N 142 Бірлескен қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 8 тамызда N 190 тіркелді. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Мәтінінде сөздер өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің жекешелендіру жөніндегі департаментінің 1997.08.04. N 386 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Заң күші бар жарлығын орындау және Жабдықтау басқармаларын (бөлімдерін) жекешелендіруді реттейтін нормативтік актілерді Жарлыққа сәйкес келтіру мақсаттарында, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүліктер мен активтерді басқару жөніндегі департаменті және Жекешелендіру жөніндегі департаменті қаулы етеді:

1. Жабдықтау басқармаларын (бөлімдерін) жекешелендіру реті туралы осы беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. 1995 жылғы 15 ақпандағы 44-ші және 1995 жылғы 22 маусымдағы 46-ші өзгерту, толықтыруларымен Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеттің 1994 жылғы 24 қарашадағы 270-ші қаулысымен бекітілген "Жабдықтау басқармаларын (бөлімдерін) жекешелендіру реті" Ереженің күші ж о й ы л ғ а н д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүліктер мен активтерді басқару жөніндегі департаменті директорының орынбасары А.В.Смирновқа және Жекешелендіру жөніндегі департамент директорының орынбасары Т.С.Сарабековаға жүктелсін.

Қазақстан Республикасының	Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік мүлікті басқару	Жекешелендіру жөніндегі
жөніндегі мемлекеттік комитет	мемлекеттік комитет
Төрағасы	Төрағасы
Қазақстан Республикасының	
Мемлекеттік мүлікті басқару	
жөніндегі мемлекеттік комитетінің	

1996 жылғы 18 көкектегі N 310 және
Жекешелендіру жөніндегі
мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы
16 көкектегі N 142 бірлескен
қаулысына қосымша

**Жабдықтау басқармаларын (бөлімдерін)
жекешелендіру реті туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Заң күші бар Жарлығына сәйкес әзірленген осы Ереже министрліктердің, ведомстволардың, бірлестіктердің, басқармалардың, трестердің және өзге шаруашылық жүргізуші субъектілердің бұған дейін жекешелендірілмеген Жабдықтау басқармалары (бөлімдері) жүйесінің кәсіпорындары мен басқа да шаруашылық есептегі сауда, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын даярлау мен жекешелендірудің ретін және ұйымдастыру шараларын айқындайды.

Жабдықтау басқармасы - бөлудің жалпы жүйесінің бір бөлшегі болып, өндірістік бірлестіктердің, трестердің, комбинаттардың және кәсіпорындардың (бұдан әрі - басты кәсіпорындардың) құрамындағы жабдықтау бөлімдеріне басшылық ету үшін министрліктің, ведомствоның, комитеттің құрамында жасалатын ұйымдық-басқару құрылымы.

Жабдықтау бөлімі - қызметкерлерді жабдықтаудың тиімді жүйесін жолға қоюда бас кәсіпорынға көмектесу үшін, сондай-ақ басты кәсіпорын қызметкерлерінің қоғамдық тамақтану және азық-түлікпен жабдықталуының шарттық жүйесін ұйымдастыру үшін жасалатын құрылымдық бөлімше. Жабдықтау бөлімі басты кәсіпорын қызметкерлерін жабдықтау үшін құрылған Жабдықтау басқармасының бөлімшесі ретінде болуы мүмкін. Жекелеген басты кәсіпорындарда жабдықтау бөлімдерінің орнына осындай қызметтерімен жабдықтау басқармалары құрылған.

Осы Ереженің мақсаты үшін Жабдықтау бөлімі деп Жабдықтау бөлімдерінің құрамына кіретін барлық құрылымдық бірліктер мен кәсіпорындардың жиынтығы сияқты, жабдықтау бөлімдері қызмет ететін басқа кәсіпорынның құрылымдық бірліктерінің де жиынтығын айтамыз.

1.2. Ереже олардың ведомстволық бағынысына және жекешелендіру тәсіліне карамастан, барлық министрліктердің, ведомстволардың және мемлекеттік кәсіпорындардың барлық Жабдықтау басқармалары мен Бөлімдерін (бұдан әрі - Жабдықтау бөлімдерін) өзгертудің жалпы принциптерін айқындайды.

1.3. Бұл Ережеде келтірілген амалдың мынадай қырлары бар:

- Жабдықтау бөлімдері жүйесіне жататын барлық кәсіпорындарды жекешелендірудің біртұтас тактикасын әзірлеу;

- Жабдықтау бөлімдерін басты кәсіпорындардан бөлу және олардың бөлініп шығуы ;

- Жабдықтау бөлімдерінің көтерме буындарын акционерлеу;

- бөлінген объектілерді жекешелендірудің және акцияның мемлекеттік пакеттерін сатудың жалпы ретін айқындау.

1.4. Жабдықтау бөлімдерін жекешелендіру туралы шешімді:

- Жеке жобалар бойынша жекешелендірілген немесе жекешелендірілуге жатпайтын кәсіпорындар үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі;

- Қалған барлық кәсіпорындар үшін - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүліктер мен активтерді басқару жөніндегі департаментінің аумақтық органы (бұдан әрі - Департамент) қабылдайды.

1.5. Жекешелендірілуінің жалпы реті осы Ереженің нормаларымен айқындалатын мемлекеттік кәсіпорындар осы Ереженің ерекше нормаларын ескерумен қолданыстағы заңға сәйкес аукциондарда сатылады. Мемлекеттік мүлікті сатудың түрін, тәсілдері мен мерзімін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті және оның жергілікті жерлердегі аумақтық органдары айқындайды.

1.6. Жекешелендірудің барлық кезеңдерінде кәсіпорындардың мүлкін бағалау кезеңдерінде кәсіпорындардың мүлкін бағалау жекешелендіру объектілерінің құнын бағалауды реттейтін Құқықтық нормативтік актілерге сәйкес жүргізіледі.

1.7. Жекешелендірілетін кәсіпорындардың қызметкерлерімен еңбек қатынастарын тоқтату қолданыстағы еңбек заңымен көзделген реті және негізі бойынша жүзеге асырылады.

1.8. Жабдықтау бөлімдерін жекешелендіру екі кезеңде жүзеге асырылады:

- бөлініп шығу ;

- көтерме буынды акционерлеу ;

- жекешелендіру объектілерін және акцияларды сату.

Бұл ретте алдыңғы кезең - көтерме буынды акционерлеу - бөлінуден кейін заңмен белгіленген ретпен жүргізіледі. Акциялаудың дұрыстылығы туралы шешімді Комитет қабылдайды.

2. Жабдықтау бөлімдерінің құрамымен бөлімшелерді бөліп шығарудың тетігі

2.1. Бөлініп шығу дегеніміз - кәсіпорынның ұйымдық құрылымынан бөлімшелерді шығару, Аталған объектілер осы Ережемен көзделген белгілері болған кезде бөлек шығарылады.

2.2. Жеке тұрған ғимараттарда және қосып салынған үй-жайларда орналасқан жекешелендірудің бөліп шығарылған объектілері бойынша бөлу балансымен

олар тұтастай беріледі, яғни бөлініп шыққан объектінің ғимараты, үй-жайы және мемлекеттік бар мүлкі оған бөлінген жер бөлігімен бірге беріледі.

Егер жер заңына сәйкес жер бөлігі бөлінетіндер қатарына жатқан жағдайда, қосып салынған үй-жайларда орналасқан жекешелендіру объектілері бойынша олар тек сол жер бөліктерімен бірге шығарылуы мүмкін. Объект бөлінбейтін жерде орналасқан жағдайда жер бөлігін жалпылай пайдалану реті келісіледі.

2.3. Жабдықтаудың тиісті басқару құрылымы болған кезде Жабдықтау бөлімі алғашқы кезеңде оның құрамынан шығарылады. Бұл Комитеттің тиісті шешімімен ресімделеді. Ол сонымен бір мезгілде Жабдықтау бөлімін жекешелендіру барысының басталғандығы туралы шешім болады. Бұдан соң Жабдықтау бөлімін бөліп шығарудың нобайы жасалады. Ол үшін Жабдықтау бөлімі құрамындағы немесе ол қызмет ететін барлық құрылымдық біліктер бөлініп шығуға жататын және жатпайтын болып екіге бөлінеді.

2.4. Бірақ басты кәсіпорынның немесе негізгі көтерме базаның аумағында емес, қала шетінде немесе қала түріндегі поселкада орналасқан мына кәсіпорындар немесе құрылымдық бірліктер міндетті бөлініп шығуға жатады:

- Қоғамдық тамақтандырудың дүкендері мен кәсіпорындары;
- тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары;
- автокөлік кәсіпорындары
- құрылыс бөлімшелері;
- жабдықтау бөлімінің негізгі базасын қоспағанда көтерме базалары;
- басты кәсіпорынға қызмет етуге байланысты емес өзге өндірістік бірлестіктер .

Бөлініп шығатын кәсіпорындардың тізімі Комитет қаулысымен бекітіледі.

2.5. Басты кәсіпорын жабдықтау бөлімімен бірлесіп бөлініп шығуға жатпайтын кәсіпорындардың тізімін дайындайды. Бұл тізімге кіргізудің мынадай негізі болуы мүмкін:

- объектінің тек бастыкәсіпорын қызметкерлерінің қолы жетерлік жерде орналасуы ;
- объектінің басты кәсіпорынның өндірістік ғимаратында орналасуы. Бұл ретте ғимараттың өндірістік сипаты оның басты кәсіпорын қызметінің саласы үшін қажеттілігімен айқындалады ;
- халықты жабдықтаудың өзге балама көзі болмай, елді мекеннің қашықта орналасуы .

Бұл тізім объектіні осыған негіздеп келтірілуімен бірге Комитетке бекіту үшін ұсынылады және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүліктер мен активтерді басқару жөніндегі департаментіне жіберіледі. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүліктер мен активтерді басқару жөніндегі департаменті тізімге кіргізілген объектілердің жоғарыда

аталған өлшемдерге сәйкестігі туралы шешім қабылдайды, тізімді түзеп, бекітеді.

Сонымен бір мезгілде осы аталған объектілерді басты кәсіпорынның қарауына өткізу немесе сонда сақтау не оларды Жабдықтау бөлімінің қарауында сақтау туралы шешім қабылданады.

2.6. 2.5-тармақтағы тізім құрамына кірмеген барлық объектілер қолданыстағы заңға сәйкес одан әрі сату үшін бөлініп шығуға және жекешелендіру жөніндегі аумақтық комитетке кейіннен өткізуге жатады.

2.7. Жабдықтау бөлімінен бөліну және аукционда сату кезеңі арасында осы бөлініп шыққан объектілерді немесе кәсіпорындарды басқаруды Комитет жүзеге асырады.

2.8. Комитеттің шешімімен объектілер өздерін бөліп шығару іс жүзіне асырылған сәтке дейін басты кәсіпорынның мүдделерімен бұрынғы күйінде жұмыс істеуі мүмкін.

2.9. Комитет Жабдықтау бөлімдерінің көтерме базаларын алдын ала акционерлеудің реті жоқтығы туралы шешім қабылдаған жағдайда, олар қолданыстағы заңға сәйкес аукциондарда сату үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментіне беріледі.

2.10. Акционерлеудің алдын ала жекешелендіру кезеңі ретінде өтіп, бөлініп шыққан көтерме базалары акцияларының мемлекеттік пакеттері қолданыстағы заңға сәйкес сату үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментіне беріледі.

2.11. Егер басты кәсіпорын жекешелендірілуге жатпаса немесе жоба бойынша жекешелендірілсе, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүліктер мен активтерді басқару жөніндегі департаменті Жабдықтау бөлімінің көтерме буынын дереу жекешелендірудің реті жоқтығы туралы шешім қабылдап және акцияның мемлекеттік пакетін аукционда сатудың орнына заң белгілеген ретпен акцияның мемлекеттік пакетін бұдан кейінгі сатып алу құқымен сеніп басқаруға беріп шарттама жасауға тендер жариялауға шешім қабылдауға құқы бар.